



TENGEMONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//20 ТАМЫЗ 2020 ЖЫЛ

КӘСІПКЕРЛІК: МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ ҚАРТАСЫ: АРАЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Елімізде шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы өз мәресіне жетіп, биыл 1 қаңтардан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңге арналған жаңа бағдарлама іске қосылды. Осыған орай Орталық коммуникациялар қызметінде өткен онлайн-брифинг барысында бағдарлама колға алынғаннан бергі он жылда жеткен нәтижелер мен 2025 жылға дейінгі бизнестің жол картасы аясында кәсіпкерлерге берілер жаңа мүмкіндіктер туралы «Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Рустам Қарағошин әңгімелеп берді.



РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

«Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы Елбасы – Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша 2010 жыл қолға алынған болатын. Бағдарламаны «Бөйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ еншілес ұйымы – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы жүзеге асырады. Басқарма төрағасының орынбасары Рустам Қарағошин атап өткендей, содан бергі жылдар ішінде бағдарлама отандық бизнеске айтарлықтай қолдау көрсетіп, кәсіпкерлердің сенімді көмекшісі ретінде өз мүмкіндігін толығымен дәлелдей алады. Осы тұрғыда ол бағдарламаның тиімді тұстарын көрсететін сандарды көпшілік назарына ұсынды. Бағдарламаға қатысушы кәсіпкерлер 2010-2019 жылдар аралығында 25 триллион теңгенің өнімін өндіріп, 1,6

триллион тенге сома көлемінде салық төледі. Бизнестің жол картасы аясында мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлердің арқасында 100 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. «Егер мультипликативті әсер туралы айтатын болсақ, субсидияның 1 теңгесі үшін 10 теңге несие тартады. Қаржы институттары көзқарасы тұрғысынан бұл жақсы көрсеткіш болып саналады. Кепілдеменің 1 теңгесіне 2,6 теңге несиелік қаражат тартады. Сонымен қатар нәтиже көрсетіп отырғандай, субсидия үшін 1 теңге бюджетке 135 теңге кіріс пен 8 теңге салық түсімін әкеледі», – деп атап өтті Рустам Қарағошин.

Шағын және орта кәсіпкерлерге мемлекеттік бағдарламалар аясында ұсынлатын қолжетімді қолдау құралдарының басым бөлігі «Бизнестің жол картасы» мемлекеттік бағдарламасына шоғырланған. Шағын және орта бизнесті қолдау құралдарының

бірі пайыздық мөлшерлемені субсидиялау болып табылады. Субсидияның арқасында кәсіпкерлер төмен мөлшерлеменен несие алып, көптеген жобаларға қолдау көрсетілді. Осы жылғы 1 тамыздағы мәліметтерге сәйкес, «Даму» қоры 2010 жылдан бастап 2,8 трлн теңге несие сомасына 16 311 жобаны субсидиялады. Оның ішінде бытыр жалпы сомасы 154 млрд теңге болатын 2 402 жоба қаржыландырылды.

Субсидияланатын жобалардың салалық құрылымында өндүсімі өнеркәсіп (жалпы сомасы 1,2 трлн теңге, 4 444 жоба), көлік және қоймалау қызметі (жалпы сомасы 413 млрд теңге, 3 629 жоба) жобаларының үлесі басым. Көтеріме және бөлшек саудада тиісінше 286 млрд теңгенің 2 293 жобасы, 144 млрд теңгенің 1 220 жобасы субсидияланған.

Шағын бизнесті мемлекеттік қолдау бағдарламасында тағы бір талап етілетін шара – «Даму» қорының

кепілдігі. Кәсіпкерге өз бизнесіне несие алу кезінде кепіл жетіспеген жағдайда, қор кепілдер ретінде әрекет етеді. Биылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 306 млрд теңге несие сомасына 7 518 жоба бойынша кепілдіктер берілген, кепілдеме сомасы 117 млрд теңгені құрады. Оның ішінде бытыр жалпы сомасы 74 млрд теңге болатын 1 726 жобаға қолдау көрсетілді, кепілдік сомасы 27 млрд теңгені құрады. Бұл ретте салалық бөліністе қаржыландырылған жобалар арасында өңдеу өнеркәсібі (жалпы сомасы 103 миллиард теңге, 2 206 жоба) және сауда саласы (32 миллиард теңге сомасына 1 309 жоба) ең көп үлеске ие. Бағдарлама аясында көрсетілетін мемлекеттік қолдаудың арқасында кәсіпкерлер қатары жылдан жылға артып, ішкі нарықта сапалы отандық тауарлардың қарасы көбейіп келеді.


> [4]

ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекс	Value	Change
KASE	2 422.01	-0.25%
FTSE 100	6076.62	-0.83%
CAC 40	4938.06	-0.68%
S&P 500	3399.00	0.27%
Dow Jones	27811.00	0.12%
Nikkei 225	23116.09	0.28%
DAX	12881.76	-0.30%
SSE Comp	3446.62	-0.13%
19 Тамыз 2019		
Тауарлар		
Мұнай	45.05	-0.90%
Алтын	1 972.85	1.44%
Платина	950.00	-0.21%
Паладий	2 202.00	2.61%
Никель	14 602.00	2.12%
Алюминий	1 757.00	-0.51%
Күміс	26.92	0.79%
19 Тамыз 2019		
Валюта нарықтары		
USDKZT	418.12	0.00%
EURKZT	497.56	0.40%
USD RUB	73.1634	-0.00%
USD JPN	27.2803	-0.07%
USD BNP	2,4633	0.24%
EUR USD	1,1942	0.09%
GBP USD	1,3262	0.18%
19 Тамыз 2019		

ОКИҒАНЫҢ МӘНСІ

Жалған ақпарат жарға жығады



Соңғы уақытта оқиғаның анық-қанығына жетпей, жерден жеті қоя тапқандай, әлеуметтік желі арқылы елді дүрліктерін, тіпті арандатуға апаратын жалған ақпарат тарататындар бой көрсете бастады. Бұл қауіпті. Өйткені негізсіз ақпарат айрандай ұйып отырған, ынталық-бірлігі жоқ ел ішінде, адамдар арасында алауыздық пен өшпенділік өртінің өршіне алып келуі өбден мүмкін.

Түймедейді түйдей етіп көрсетіп, әлеуметтік желі арқылы «аттандан» жатқан бейне-көріністерге иманды иланып, қақтығыстың қас ортасынан


табылатындар да жоқ емес. Олар жалған ақпарат жаппай жүргендік пен төртпісідікке жол ашатынына соншалықты бас қатыра қоймайды. Мұның

соны менен аяқталатыны бөрімізге белгілі. Елдімекендер қирандыға айналып, отқа оранып, дүние-мүліктің тасталқаны шығып, адамдар бір-біріне алақөзбен қарап, әпсәтте жау болып шыға келеді. Тіпті күні кешегідей дейін төс қағыстырып, ағайын-туыстай болып кеткен, арқа-жарқа болып жүрген адамдар бойын көрнеген ашу-ыза үстінде бір-біріне оқ атып, мерт еткен жағдайлар да бар. Нәтижесі белгілі. Анырап ана қалады, жетім болып бала қалады... Сондықтан жалған ақпарат таратпас бұрын өбден ойланған дұрыс. Оның жауапкершілігі бар екенін есте естен шығармаған жөн.

Ел ішінде ала да бар, құла да бар. Оған талас жоқ. Ал қоғамдық төртпігі бұзып, бүйректен сирақ шығаратындар бой көрсетіп жатса оларды тезге салатын органдар бар. Құқықтық мемлекет болғандықтан, қандай жағдай болса да бәрін заң аясында шешуге үйренгеніміз жөн. Аттандан алға шығып, шоқпар ала жүгіруі мен жалған намыс жақсылыққа апаратын.

> [3]

ИНДУСТРИЯ 4.0



Көкжиегі кең кәсіпорын

Түркістан облысындағы «KARLSKRONA LC AB» машина жасау зауыты өзінің жоғары деңгейлі заманауи өндірісмен танымал. Кәсіпорын шығаратын жабдықтар тау-кен өндіру өнеркәсібі, металлургия мен иригация, химия, мұнай-химия, мұнай-газ индустриясы, энергетика, коммунальдық және жеке шаруашылық салаларында кең қолданысқа ие болады.

БОТАГӨЗ ӘБДИРҰҚЫЗЫ

Еліміздің нарығында 2003 жылдан бері табысты жұмыс істеп келе жатқан компания осы уақыт ішінде нақты салаға: сорғы, электротехникалық, ерекше жабдықтар, құбыр арматуралары, әртүрлі болат пен қорытпалардан жасалған құймаларды өндіруге, монтаждауға және сервистік қызмет көрсетуге терең маманданды.

> [5]

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

▶ Еститін мемлекет

Алтыншы «сервистік әкімдік» ашылды



Таразда сервистік әкімдіктің жаңа кеңесі ашылды. Мұнда облыс орталығының тұрғындарына ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, құрылыс, дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметтер ұсынылады.

Тұрғындары нақты уақыт режимінде өз өтініштері бойынша ұсыныстар мен жауаптар алады. Жобаның басты мақсаты – мемлекеттік органдардың халыққа қолжетімділігін арттыру және келергісіз кеңестікті қалыптастыру.

Жаңа сервистік әкімдік сұранысы жоғары 20-дан астам мемлекеттік қызметті ұсынатын болады.

Б.Сапарбаев жаңа тұжырымдамамен танысып, желділік пен нәтижелілік – әкімдік қызметіне қойылатын басты талап екенін атап өтті. Сондықтан өтініштері қарастыру, оны қызметкерден екінші қызметкерге жолдау ұзақ уақытқа созылмауы тиіс.

Фронт-оффистің жұмысымен аймақ басшысы Бердібек Сапарбаев танысты. «Open space» форматындағы сервистік әкімдік жобасын Тараз қаласының әкімі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментімен бірлесіп «Жамбыл – алдылқ алаңы» жобасы аясында жүзеге асырған.

▶ Өңірлік даму: Түркістан облысы

Әкім құрылыс барысын бақылады

Облыс басшысы Өмірзақ Шөкеев Түркістан қаласындағы құрылыс алаңдарын аралап, мердігерлермен кездесті. Оларға құрылысты ширатуды тапсырды.



Аймақ басшысы келісімшартта көрсетілген тиісті міндеттерді бұзғандарға, кестеден қалыс қалып не кемшіліктерге жол берген мердігер мекемелерге аушылық танытауды тапсырды. Од үшін заң аясында тиісті шаралар қолданылатынын ескертті.

Алашқашкі түзілген өндірістік кестеге сәйкес, бұл нысандардың басым бөлігі қыркүйек айында пайдалануға тапсырылуы тиіс болған. Алайда, тапсырыс беруші тарапынан облыстық құрылыс басқармасының келісімінен өткізіліп кеткені кайта жаңартылып, тапсыру мерзімі қазан айына дейін ұзартылған.

Бекітілген кестеден қалыс қалғандарға ірі көлемде айыппұл салынуы мүмкін.

▶ COVID-19: қазақстандық вакцина

Клиникаға дейінгі зерттеу аяқталды



Коронавирус инфекциясына қарсы «QazCovid-in®» қазақстандық вакцинасы клиникаға дейінгі зерттеуден өтті.

вакцинаның күшейтілген дозасын салып, оның қауіпсіздігі мен уытты әсері мұқият тексерілді. Сонымен қатар, осы зерттеу аясында отандық вакцинаның ағзаға алергиялық реакциясы мен денені тітіркендіргіш әсерінің жоқ екені анықталды.

Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің қауіпсіздігі мен сапасын бақылау комитетіне қарасты «Дерлік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» РМҚ-дан.

Мәлім етілгендей, жіті зерттеу нәтижелері клиникаға дейінгі зерттеу COVID-19-ға қарсы отандық вакцина ұыты емес екенін анықтады және оны кейін клиникалық сынақ барысында ерікті-адамдарға қолдануға болатындығын көрсетті.

↳ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкімет сейсенбідегі дәстүрлі отырысында жұмыспен қамтуды қолдау жөніндегі шаралардың іске асырылуын қарады. Сонымен қатар, елімізде балық саласын дамыту перспективасына маңыз берді. Талқыланған шаралар бойынша Премьер-министр Асқар Мамин нақты міндеттер бекітті.

БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Биыл «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, Жұмыспен қамтудың жол картасы және басқа да салалық бағдарламалар аясындағы шаралар 743 мың адамды қамтыды. Жыл соңына дейін 1 млн 220 мың адамға қолдау көрсетіледі. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында тұрақты жұмыс орындарын құруға және өңірлердің әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға баса назар аударылып, тиісті жобалар тізбесі онтайландырылды.

Осы 6 702 жоба аяқталған соң, аралас салаларда қосымша 100 мыңнан астам тұрақты жұмыс орындары құрылды. Премьер-министр Шымкент қаласында, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстарында жұмыспен қамтуды қолдау шараларын іске асырудың жоғары қарқынды аттап өтті. «Әкімдіктер бағдарламалары іске асыру жұмыстарын жандандыруға қажет. Қазіргі жағдайда бірінші кезектегі міндет – бұл азаматтарды жұмыспен қамтамасыз ету. Қажетті ресурстар бөлінген, барлық құралдар бар, еңбек нарығында тенгерісіздіктердің пайдалануына жол бермеу керек», – деді А.Мамин.

↳ ТУҒАН ЖЕР



ШЫМКЕНТ ДЕНДРОСАЯБАҒЫ ▶

Түркістан облысы Шымкент қаласындағы аумағы 117 гектарды құрайтын, Қазақстандағы екінші дендросаябақ 1979 жылы бой көтерген. Ағаштар саны 500 мыңға, шөптесін өсімдіктер саны 1 млн 360 мыңға жеткен.



Тұрақты жұмыспен қамту, балық өндірісін нығайту: Бағдарламалар ықпалын арттыру қажет

қолдау бойынша жұмысты жандандыру тапсырылды.

Балық аулау және оны көбейту – азық-түлік өнімі өндірісіндегі басым салалардың бірі. Қазақстанда тауарлы балық өсірудің 180 балық өсіру шаруашылығы айналысады. Биылғы ақпан айында Атырау қаласында Үкімет басшысының төрағалығымен өткен кеңестің қорытындысы бойынша өкімдіктер келергілерді азайтуға және балық шаруашылығы саласын дамыту үшін онтайлы жағдайлар жасауға бағытталған бірқатар заңнамалар әзірленді.

Су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді онтайландыруға, балық өсіру шаруашылығын (оның ішінде су қорғау белдеуінде) тиімді аймақтарға бөлуге және орналастыруға, балық аулаудың және балық аулайтын кемелер жұмысының тиімді кестесін белгілеуге, тыйым салынған балық аулау құралдарының айналымы үшін жауапкершілікті белгілейтін нормаларды қатаңдатуға ерекше назар аударылды.

Осыған орай, Үкімет басшысы биылғы 1 қарашаға дейін балық шаруашылығын дамытудың өңірлік бағдарламаларын әзірлеп, бекітуді тапсырды. Онда басым субсидиялау, жер телімдерін бөлу, инфрақұрылым жүргізу бойынша нақты индикаторлар мен іс-шаралар және басқа да мемлекеттік қолдау шаралары көрсетілуі тиіс.

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, ақ-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

Аяқса-кредит саясаты экономикалық тұрақтылықты сақтауға бағытталуда

Әлемдік шаруашылық байланыстар қарқынды бәсең тартып, ірі капитал нарықтарындағы белсенділік бауалап отырған кезіргі жағдайда ұлттық экономика тұрақтылығын сақтап қалудың мән-маңызы арта түсуде.

Мұнымен қатар дағдарысқа қарсы бастамалар негізінде салаларды қолдау арқылы экономиканы қалпына келтіру мақсатында пруденциалдық реттеу шаралары мен мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыру тетіктері қолданылды.

Жүйелік тәуекелдерді азайту мақсатында банк жүйесі активтерінің сапасын уадайы негізде бағалаудың маңызы зор.

Банктерді нарықтық жағдайларда және бюджет қаражатын пайдаланбай қолдау шаралары акционерлердің қаражаты есебінен іске асырылады.

Банк активтерінің сапасын бағалау негізінде банк секторының жағдайы туралы алынған жан-жақты ақпарат банк жүйесінің тұрақтылығын растауда, бірқатар тәуекел мен түзеуді анықтау және оларды реттеуде дәрежесі кірісте мүмкіндік береді.

НАРЫҚ

Өнеркәсіп өнімдерінің бағасы өсті

Өнеркәсіптік өнімдерге өндірісі кәсіпорындардың бағасы ағымдағы жылғы жеті айда (2020 жылғы шілде - 2019 жылғы желтоқсан) 12,2% төмендеді.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Өткен айда өндірісі кәсіпорындар бағасы маусымға - 49,7%, сүйісілген пропан және бутанға - 33,7%, мұнайға - 31,6%, бензинге - 11,6%, дизель отынына - 10,1%, табиғи газға 1,9% төмендеді.

Бағаның мырышқа - 14,5%, корғасынға - 9,9%, алюминийге 8,3% төмендеуі, асыл металлдарға - 12,5%, ферроқұрылыс материалдарына - 6,2%, кара металдар илегіне - 4,2%, мысқа 3,8% жоғарылауы байқалды.

Өндірісілер бағасының бидай ұнына және жармаларға - 10,5%-дан, қантқа - 9,2%, шайға - 6,9%, кара бидай ұнына - 6,5%, макарон өнімдеріне - 6,3%, сүт өнімдеріне - 5%, күрішке - 4,6%, нанға - 4,3%, өсімдік майына - 3,6%, мал етіне - 7,1%, құс етіне 1,9% жоғарылауы тіркелді.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

7-14 тамыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 14 тамызда теңгенің нарықтық бағамы бір аптада 0,2%-ға (418,17-ден) әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 419,02 теңге деңгейіне қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2020 жылғы 7-14 тамыз аралығындағы кезеңде бірқатар маңызды оқиғалар орын алды.

Дамушы елдер валюталарының** АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

- Мексика песосы инфляция және бөлшек сату туралы деректер шыққаннан кейін АҚШ доллары бағамының жаһандық әлсіреуі аясында 1,7%-ға (22,37-ден 21,98-ге дейін) нығайды.
- Оңтүстік Африка ранды маусымға өнеркәсіптік өндірістің 16,8% а/а өсіп бара жатқаны туралы деректердің шығуы аясында 1,4%-ға (17,64-тен 17,39-ға дейін) нығайды;
- Ресей рублі мұнай бағасының он серпіні аясында 0,8%-ға (73,4-тен 72,83-ке) нығайды;
- Бразилия реалы Үкіметтің мемлекеттік шығыстар бойынша лимиттен асып түсу жөніндегі жоспарларына қатысты инвесторлардың алаңдаушылығына байланысты ОБ-ның 500 млн АҚШ долларын сату бойынша сөп аукционның өткізу түріндегі интервенциялары аясында 0,4%-ға (5,44-тен 5,42-ге дейін) нығайды.
- Үнді рупиясы 74,94-тен 74,91-ге нығайды.
- Өнеркәсіптік өндіріс маусымда төртінші ай қатарынан төменді (-16,6% а/а);
- Индонезия рупиясы жергілікті нарықтан портфельдік шетелдік инвестициялардың әкелілуі аясында 1,2%-ға (14 625-тен 14 795-ке) нығайды;
- Түрік лирасы 1,2%-ға (7,28-ден 7,37-ге) әлсіреді.

* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банк ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды;



** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.

Өнеркәсіп өнімдерін өндірісі кәсіпорындар бағасының өзгеруі

пайызбен, өсуі+, төмендеуі-

	2020 жылғы шілде				2020 жылғы қантар-шілде 2019 жылғы қантар-шілдеге
	2020 жылғы маусымға	2019 жылғы шілдеге	2019 жылғы желтоқсанға	2015 жылғы желтоқсанға	
Өнеркәсіп өнімдері, өнеркәсіптік сипаттағы көрсеткілетін қызметтері қоса	7,2	-13,7	-12,2	35,9	-9,4
Өнеркәсіп өнімдері	8,1	-15,5	-13,8	37,0	-10,7
Өндіріс құралдары	-1,1	4,2	2,5	49,4	6,0
Аралық тұтыну өнімдері	9,8	-19,5	-17,0	37,7	-13,6
Тұтыну тауарлары	1,5	8,1	4,0	28,1	6,3
Өнеркәсіптік сипаттағы көрсеткілетін қызметтер	0,3	5,0	4,0	24,3	4,2

Инфографика



БИЗНЕС&САЯСАТ

INTERNATIONAL TRADE

Presidential elections were held in Belorussia on Sunday, 9 August 2020. Early voting began on 4 August and ran until 8 August. The president was elected directly to serve for five years. Incumbent Alexander Lukashenko was re-elected to run for a sixth term in office with 80.23 percent of the vote. Everything went as expected.

DANISH AZIM

Kassym-Zhomart Tokayev on behalf of the people of Kazakhstan and his own behalf congratulated Alexander Lukashenko on his reelection as president of the Republic of Belorussia.

“The results of the elections that took place in the difficult political situation show the people’s support of your strategic course aiming for the strengthening of sovereignty and independence of Belorussia”, the message said.

Kassym-Zhomart Tokayev expressed confidence that mutually beneficial cooperation between Kazakhstan and Belorussia will continue to develop successfully for the benefit of the peoples of the two states.

Kazakhstan’s president wished Alexander Lukashenko full implementation of all his plans as head of the Republic of Belorussia and peace, stability, mutual understanding and prosperity to the people of Belorussia.

Last month while on visit in Minsk in order to take part in a session of the Eurasian intergovernmental commission, prime minister of the Republic of Kazakhstan Askar Mamin met with president of the Republic of Belorussia Alexander Lukashenko.

“I just want to assure you that we will remain unwaveringly committed to the goals we have set while hosting Nursultan Abishevich (Nazarbayev) and Kassym-Zhomart (Kemelevich) Tokayev. We will certainly do everything that’s expected of us. If the Kazakh government sticks to the same approach, we for our part will always take the most positive steps. We want to have good relations with Kazakhstan, primarily economic ones. Because this is a basic foundation of bilateral relationship”, the Belorussian leader said.

He noted there were no problems in our two countries’ political relationship.

“There are no problems with bilateral economic relations either. But there are certain problems - with supplies, logistics. However I think it may be said with certainty that we, with the current prime minister and the new government of Russia, can do a lot, including within the framework of the Eurasian Economic Union”, Alexander Lukashenko said.



in Kazakhstan. What you produce is similarly needed in our country. Yet there are certain problems - with supplies, logistics. However I think it may be said with certainty that we, with the current prime minister and the new government of Russia, can do a lot, including within the framework of the Eurasian Economic Union”, Alexander Lukashenko said.

When one hears such words from Alexander Lukashenko’s lips, he might reasonably wonder how seriously they should be taken. As it seemed that his assessments of this or that country, this or that state leader can vary over a wide range *“from completely unfavorable to completely favorable”* depending on how much the current policy of this or that country and this or that leader is acceptable with regard to the Belorussian economic interests.

When the growth of trade *“looks pretty good - it is approximately 40 per cent”*, it apparently seems appropriate to sing the praises of Kazakhstan and its leader. The tone and content of rhetoric would probably have been completely different, if it wasn’t so. As the saying goes, *“no word of a song can*



Mr. Lukashenko’s controversies with regard to Kazakhstan

relations with your president. We have learned a lot from each other. We have picked up a lot from you (over the years), particularly in the sphere of law. We have borrowed many good norm setting practices from the Kazakhstani experience, especially during the early stages of my presidency and while creating our Constitution”, Belorussian president said.

Nowadays the Belorussian leader lavishes praise on Kazakhstan and its government.

But there was a time when he expressed a completely different opinion about them. Over ten years ago, president of Belorussia Alexander Lukashenko while he was being interviewed by the editor-in-chief of the Russian newspaper Zavtra, Alexander Prokha-



nov, colored Kazakhstan in such an unflattering light that it seemed good relations between the two post-Soviet republics would shortly come to an end.

The interview entitled *“It hurt ... I’m looking for a way out”* was published in the aforementioned weekly on February 14, 2007. And these are the words he then said: *“Kazakhstan today has given all its natural resources to transnational corporations, primarily American ones. The Russians have been definitively squeezed out of the country. Russia has no business being there. There is not a single Russian company up there. And the air defense forces of Kazakhstan are currently in the process of installing American-made systems. Who interests is all this serving? Kazakhstan does not behave like Belorussia. Its actions pose a threat to the invulnerability of Russia’s missile defense. There is no secret, but you keep quiet. How can you pull Kazakhstan close? They pursue an independent policy and position themselves as a regional leader.”*

How are we supposed to figure out what’s true and what he made up?

And what is the explanation for those contradictory assessments concerning Kazakhstan?

There is a wise folk saying: existence influences the consciousness. Why was Alexander Lukashenko being very much dissatisfied with Kazakhstan in 2007, and why has he been quite satisfied with our country recently? The answer is likely to be the simplest thing. Before the advent of the Customs Union in 2010, Kazakhstan’s imports from Belorussia were quite small. The situation has changed substantially over the last decade. With the advent of that union, imports to Kazakhstan from Belorussia began to sharply increase, whereas exports from here to there have been remaining practically unaffected by the change. Here’s what it looks like. The emergence of the Customs Union did not greatly change the position of Russia and Belorussia in the export structure of Kazakhstan, but rather strongly influenced the structure of imports to our country.

In 2018, the trade turnover between Kazakhstan and Belorussia amounted to US\$896 million, and in 2019 it continued to grow, increasing by 9.2% compared with the previous year. So what does it mean? Not something to be proud of. Kazakhstan exported over US\$154.9 million’s worth of goods in 2019 to Belorussia, which is 38% more than in 2018. At the same time, imports to Kazakhstan from Belorussia increased by 5.1% reaching US\$823.5 million. In this case, our country recorded a trade deficit of US\$668.6 million. No comments are needed here, as the figures speak for themselves: with the advent of the Customs Union, Kazakhstan opened its market very widely to the Belorussian goods and services and is expected to go even further in that direction. This is the kind of Kazakhstan that Belorussia needs most.

A general presumption prevalent among economists and policy makers is that the so-called Belorussian miracle occurred due to integration with Russia. That does seem to be the case. The model of the Belorussian miracle, allowing Lukashenko to fulfill his social contract with Belorussians was built with dependence on the Russian market, subsidies and credits. Yet it should also be said the Republic of Kazakhstan too did what it could to contribute to that end. But this is something he does not like to talk about.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

▶ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

МЕЦЕНАТТАР КӨМЕГІМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ НЫСАНДАР САЛЫНДЫ

«Туған жер» жобасы аясында меценаттық көмек қанат жая түсті.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы жүзеге асырылған үш жылдың ішінде 12 мың меценат туған жерлеріне 270 млрд теңгеге көмек көрсеткен екен. Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тілепов айтты. «Осы ретте «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Туған жер» жобасын, оның меценаттықты дамыту бағыты туралы арнайы атап өткім келеді. Өздеріңіз білесіздер, 2018 жылдан бастап министрлік «Жомарт жүрек» сыйлығын тағайындап, жыл сайын қайырымдылыққа жаны жақын азаматтарға ұсынғып келеді. Олардың ішінде, әрине, туған өлкесінің дамуына ерекше үлес қосып жүрген тұлғалардың орны бөлек. Бағдарламаны іске асырудың 3 жылында осындай 12 мың меценат азаматтарымыздың демеушілігімен 270 млрд теңгенің жұмысы атқарылды», – деп вице-министр.

Меценаттар аталған көлемдегі қаражатқа 2 600-ден астам түрлі әлеуметтік маңызы бар рухани нысан салып, 2 142 нысанды қайта жөндеуден өткізген. «Билығы қиындықтарға қарамастан 2 131 демеуші азаматтың арқасында еліміздің әр аймағында 228 нысан құрылысы салынды. Оның ішінде 2 мектеп, 2 балабақша, 19 мәдениет нысаны, 36 спорт алаңы, 31 балалар алаңы және басқалары бар. Әрине, бұл жұмыс алдағы уақытта да өз жалғасын табады деген үмімізміз. Ол үшін министрлік тарапынан да, жергілікті билік тарапынан да қажетті жағдай жасалатын болады», – деп Болат Тілепов.

▶ ЦИФРАНДЫРУ

ҚАЙ САЛАДА БОЛМАСЫН АЛҒА ШЫҒУДА

Алматы облысының әкімі Аманжол Баталов өткізген брифинг барысында мекендеріңің жана оқ жылына дайындығы туралы айтылды.

Қазір облыста 41 625 педагог жұмыс істейді, олардың барлығы компьютерлік техникамен қамтылған, 40 165 мұғалім немесе 96,4% интернетке қосылған, 3,6% қосылмаған. Бұл мәселені тегі шешу үшін тиісті байланыс мекемелерімен бірлік жұмыс жүргізілуде.

Бүгінгі таңда сандық жүйе қай салада болмасын алға шығуда. Облыс басшысы цифрандыру білім беру саласында да қарқынды енгізіліп жатқанын атап өтті. Бүгінде Bilimland.kz сандық ресурсы облыстағы 737 (97%) мектепте қолжетімді. Кең жолақты интернетке 752 (98%) мектеп, «Күнделік» жүйесіне 704 (95%) мектеп қосылған.

Облыс әкімінің айтуынша, 732 елді мекеннің 19-ында интернет желісі жоқ, ондағы мектеп жасындағы 886 баланың 730-на телерадио арқылы, қалған 156 бала штаттық режимде оқытылатын болады. «Қазақтелеком» АҚ арқылы 98 мектепте интернет жылдамдығы 4 Мбит-тен 8 Мбит-ке дейін ұлғайтылмақ. Сондай-ақ интернет желісіне қосылу үшін оқушыларға 43 мың роутерлер сатып алу жоспарланып отыр. Жалпы Алматы облысында жана оқ жылында балаларды компьютер және интернет желісімен қамту мәселелерін шешу үшін бірлік жағдай жасалуда, деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

▶ BIRGEMIZ: QAMQOR

КӨСПІКЕРЛЕР МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАРҒА ҚОЛ ҰШЫН СОЗДЫ

Сыр өңірінде жергілікті кәсіпкерлердің қолдауымен мұқтаж отбасыларға 100 азық-түлік қоржыны таратылды.

Бұл іргілікті іс «Менің Атамекенім» қоғамдық қоры мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасымен республикалық «Жақсылық жарысы» шарасы аясында жүзеге асырылды. Кәсіпкерлер ерекше қолдау білдірген бұл қамқорлық акциясы облыста жақында құрылған «Сыр волонтерлері» орталығының «Birgemiz: Qamqor» бағытында жүргізілді. Орталық мамандары дайындаған әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасылар тізімі қатарында қобалдады, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған немесе ата-анасының бірі мүмкіндігі шектеулі отбасылар, жалғызбасты қарттар, бірнеше баланы тәрбиелеп отырған жалғызбасты аналар бар. Осыған орай қызлордалық кәсіпкерлер 100 отбасына азық-түлік қоржынын жасақтап, оны волонтерлер мен автоволонтерлер тұрмысы төмен жандарға таратып берді. «Бұл ұсынсына өңір кәсіпкерлері үлкен қолдау білдірді. Аз ғана уақыттың ішінде 1 миллион теңгеден астам қаржы жиналды. Оған әлеуметтік жағынан мұқтаж 100 отбасына азық-түлік таратылды. Бұл көмек кей отбасылар үшін үлкен қолдау деп санаймыз», – дейді Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Пірмұхаммед Сыдықов.

Сондай-ақ «Жақсылық жарысы» акциясы аясында шілде айында келген 9 аппарат негізінен Қызылорда қаласындағы ауруханаларға таратылды. Игі іс тамыз айында да жалғасын тауып, 54 оттегі концентраторы Байқоңыр қаласы мен аудандардағы ауруханаларға арналды. Атап айтқанда, Арал – 10, Қазылы – 5, Байқоңыр – 8, Қармақшы – 2, Жалағаш – 6, Сырдария – 5, Шилі – 5, Жаңақорған – 13 оттегі концентраторы аппаратына қол жеткізді.

Рытай САҒЫНБЕКОВА

